

**Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және
Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы халықтың көші-қон процестерін
реттеу туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 13 желтоқсан N 111-II.

РҚАО-ның ескертпесі!

Келісімнің қолданысы тоқтатылды - ҚР 24.12.2014 № 266-V Заңымен.

Алматыда 1997 жылғы 7 тамызда жасалған Қазақстан Республикасының
Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының
Үкіметі арасындағы халықтың көші-қон процестерін реттеу туралы келісім
бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРЛЕР КЕҢЕСІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының
Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы
халықтың көші-қон процестерін реттеу туралы келісім

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз
Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

1997 жылы 10 қаңтарда Бішкек қаласында қол қойылған Қазақстан
Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының
арасындағы мәңгілік достық туралы шартты негізге ала отырып;

халықаралық құқық нормаларын басшылыққа алып;

өз азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді
басым міндет деп санай отырып;

халықтың көші-қон процестерін реттеу саласында Тараптардың ынтымақтастығы
үшін құқықтық негізді қамтамасыз етуге ұмтыла отырып;

Тараптар мемлекеттерінің аумағында заңсыз көші-қонның алдын алу мен

жолын кесу жөніндегі ынтымақтастықты көші-қон процестерін реттеудің
маңызды бағытының бірі ретінде қарастыра отырып;

төмендегілер туралы келісімге келді:

1-бап

Осы Келісім көші-қон процестерін реттеу саласындағы Тараптардың
ынтымақтастығының негізгі бағыттарын белгілейді.

Оның күші Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына қолданылады, олар

өздерінің тұрып жатқан елдеріне қарамастан, Тараптар мемлекеттерінің азаматтығын куәландыратын құжатты көрсету арқылы басқа Тараптар мемлекеттерінің аумағына келе алады немесе одан кете алады.

Тараптар адамдарды кез келген көші-қонға мәжбүрлеуге жол бермеуді таниды.

2-бап

Осы Келісімде қолданылатын терминдердің мынадай мағынасы бар:

Көшіп-қонушы - өзінің тұрақты тұрып жатқан мемлекетін өз еркімен тастап кетуші және басқа мемлекеттің аумағына келетін мемлекеттің бекітілген квотасы шегінде келуіне рұқсат алушы адам.

Көшіп-қонушының отбасы мүшелері - жұбайы (зайыбы), олардың ата-анасы,

кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде асырап алған балалары, сондай-ақ ата-аналары немесе қамқоршылары жоқ, кәмелетке толмаған аға-інілері, апа-сіңлілері, қарындастары және басқа да оның асырауындағы еңбек етуге қабілетсіз туған-туыстары.

Кететін мемлекет - көшіп-қонушының бұрынғы тұрақты тұрған мемлекеті.

Келетін мемлекет - көшіп-қонушы аумағына келген мемлекет.

3-бап

Осы Келісім:

- а) босқындарға;
- б) көшіп-қонушы еңбекшілерге;
- в) бейбітшілікке және адамзатқа қарсы қылмыс жасаған адамдарға;
- г) соңғы 15 жылда ауыр қылмыс жасаған адамдарға немесе егер оларға қатысты қылмыстық іс қозғалған болса;
- д) СПИД жұқтырған, маскүнемдік пен нашақорлықтан азап шегетін және ерекше жұқпалы ауру жұқтырған адамдарға;
- е) мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық немесе өзге де ұйымдар мен

мекемелер, жеке адамдар алдындағы өздерінің мүліктік және қызметтік міндеттемелерін орындағанға дейін келуі кейінге қалдырылған адамдарға;

ж) халықаралық ұйымдардағы немесе дипломатиялық өкілдіктердегі жұмысына, сондай-ақ оқуына, жеке және іскерлік (қызметтік) сапарларына байланысты кез келген Тарап аумағында уақытша жүрген адамдарға қолданылмайды.

4-бап

Көшіп-қонушыларға келетін мемлекеттің заңдарына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес рұқсат беріледі.

5-бап

Әрбір Тарап әрбір күнтізбелік жылға көшіп келу квотасын белгілеуге құқылы болады, ол көшіп келушілердің шекті санын, оларды қабылдауға, жайғастыруға, көндіктіру мен жұмысқа орналастыруға қажетті материалдық-қаржылық ресурстарды, сондай-ақ олар қоныстануға тиісті аймақтарды белгілейді.

Тараптар бір мемлекеттің аумағына өз бетімен қоныстанатын адамдардың құқығын таниды. Өз бетімен қоныстанушы адамдарға осы Келісімнің ережелері қолданылмайды.

6-бап

Тараптар өз аумағында көшіп келушілердің және олардың отбасы мүшелерін зорлық-зомбылық және қорқыту нысанындағы кез келген әрекеттен, сондай-ақ жынысының, нәсілінің, тілінің, діні мен нанымының, саяси және өзге көзқарастарының, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік тегінің белгісі, экономикалық, мүліктік және отбасылық жағдайы бойынша лауазымды адамдар тарапынан да және жеке адамдардың, топтардың, қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдардың өзге де әрекеттерінен Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес қорғауды қамтамасыз өтеді.

7-бап

Көшіп-қонушы мен оның отбасы мүшелерінің:

а) көшіп кететін мемлекеттің заңдарына сәйкес оның ұлттық игілігі болып табылатын, мәдени құндылықтарға жататын шектеулерді есепке ала отырып, көшіп кететін мемлекеттен көшіп кеткенге дейінгі өздерінің жеке меншігіндегі мәлімденген барлық жылжымайтын мүліктерді әкетуге;

б) өздерінің жеке меншігі болып табылатын мүліктерді сатуға немесе өзгеше билік етуге және кететін мемлекеттен әкетуге, сондай-ақ кететін мемлекеттің валюталық реттеу саласындағы заңдарына сәйкес, мәлімденген тәртіппен алынған ақшалай қаражатты келетін мемлекетке әкелуге;

в) кететін мемлекеттің банк мекемелерінде орналастырылған жеке ақша салымдары мен активтерді келетін мемлекеттің банк мекемелеріне кететін мемлекеттің заңдарына сәйкес аударуға;

г) көшіп кететін мемлекеттің аумағында өзіне меншік құқығымен тиесілі жылжымалы және жылжымайтын мүліктерді, ақшалай салымдар мен активтерді қалдыруға, оларды иеленуге, пайдалану мен билік етуге қатысты құқықты жүзеге асыруға құқығы бар.

Жылжымалы және жылжымайтын мүлікті оның меншік иесі мемлекеттің шегінен тыс тұрақты тұратын адам болып табылады немесе көшіп кеткен мемлекеттің азаматы

болып табылмайды деген негізбен, көшіп кеткен мемлекеттің заңдарында көзделгеннен өзге жағдайларда көшіп кеткен мемлекеттің өкімет билігі орындары иеліктен ала алмайды.

8-бап

Мемлекеттік, муниципальдық (коммуналдық) немесе ведомстволық тұрғын үйге қатысты көшіп кеткен елдің мемлекеті көшіп-қонушылар мен олардың отбасы мүшелеріне нақты иеленіп отырған тұрғын үйді жекешелендіруге және көшіп кеткен мемлекеттің заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен мәмілелер жасауға құқығын береді.

Мәмілелер нәтижесінде алынған қаражат тиісті салықтар мен алымдарды төлегеннен кейін көшіп-қонушының меншігі болып табылады.

Көшіп-қонушылар меншігіне жататын мүлікке иелік етуді, пайдалануды және билік етуді жүзеге асырады.

Бір жағынан, көшіп-қонушылар мен олардың отбасы мүшелерінің, екінші жағынан, мүдделі адамдардың арасындағы көшіп кеткен мемлекет аумағында тұрған меншікке қатысты азаматтық-құқықтық даулар көшіп кететін мемлекеттің аумағында және оның заңдары мен осы Келісімге сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

Көшіп келетін мемлекеттің құзыретті органдары аталған дау бойынша көшіп кеткен мемлекеттің соттарының заңды күшіне енген шешімін, оның ішінде көшіп келген мемлекеттің аумағында орындалуға мақсат қойылған шешімді таниды.

9-бап

Көшіп кеткен мемлекет көшіп қонушыларға және оның отбасы мүшелеріне өздерінің меншігіндегі тұрғын үй мен басқа мүлікті сатуға немесе басқа нысанда билік етуге кедергі келтірмейді.

Тараптар көшіп-қонушыларға Тараптар мемлекеттерінің заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес жасалатын тұрғын үйлерді алмастыруға кедергі келтірмейді.

10-бап

Тараптар көшіп-қонушыларды және олардың отбасы мүшелерін өз жеке мүліктерін әкелуге және әкетуге шектеуден босатуды қамтамасыз етеді (көшіп кеткен мемлекеттің заңымен әкетуге және көшіп келген мемлекеттің заңымен әкелуге тыйым салынған заттарды қоспағанда).

Кеден баждарына, салықтарға және осыған байланысты алымдарға

жасалатын төлемдер Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес жүргізіледі. Өкетілетін ақша қаражаттары мен аударылатын ақшалай салымдар мен активтер, аударым бойынша қызметтерге ақы төлегендерін қоспағанда, алымдар мен баждардан босатылады.

11-бап

Тараптар көші-қон процестерін реттеуге бағытталған өздерінің ұлттық заңдары мен нормативтік актілерін жақындастыруға шаралар қабылдайды.

Тараптар өз қызметтерін:

- шекаралардағы бақылау линияларындағы ынтымақтастық;
- көшіп келушілердің статистикалық есебін жүргізудегі ақпараттық өзара ықпалдастық;
- заңсыз көші-қонның алдын алу мен жолын кесуге бірыңғай көзқараспен келу салаларында жандандырады.

12-бап

Тараптар бір-бірін:

- көші-қон саласындағы ұлттық заңдар мен басқа да нормативтік актілер туралы;
- Тараптар мемлекеттерінің аумағына кетуге рұқсат беру үшін

құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптардың өзгерістері туралы хабардар етеді.

13-бап

Көші-қон жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және осы Келісімді сақтауға бақылау жасауды Тараптар:

Қазақстан Республикасы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне;

Қырғыз Республикасы - Қырғыз Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне;

Өзбекстан Республикасы - Өзбекстан Республикасының Еңбек министрлігіне жүктейді.

14-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты барлық мәселелер Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы шешіледі. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырағысыз бөлігі болып табылатын

хаттамалармен ресімделеді.

15-бап

Осы Келісім оны күшіне енгізу үшін қажетті оған қол қойған

Тараптардың ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындауы туралы соңғы хабарламаны депозитарийге сақтауға берген күнінен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы күшінде болады. Өзара уағдаластық бойынша Тараптар оның қолданылу мерзімін ұзарта алады.

Әрбір Тарап Келісімнен өзінің шығу ниеті туралы кемінде 6 ай бұрын депозитарийге ресми жазбаша хабарлама жіберу арқылы өзінің Келісімге қатысуын тоқтата алады.

1997 жылдың 7 тамызында Алматы қаласында орыс тіліндегі бір дана түпнұсқада жасалды.

Түпнұсқа дана Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесінің Атқару комитетінде сақтаулы тұрады, ол әрбір қатысушы мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Қазақстан Қырғыз Өзбекстан

Республикасының Республикасының Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.